

Қазақстан Республикасы
цифрлық даму,
инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

Астана қ.

2023 жылғы «17» сәуір

№ 133/НҚ

Астана қ.

2023 жылғы «11» сәуір

№ 85

**Орта білім беру ұйымдарында интернет желісіне және жергілікті желі жылдамдығына ұсынылатын ең төменгі талаптарды бекіту туралы
БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

Қазақстан Республикасы Үкіметі отырысының 2023 жылғы 7 наурыздағы № 9 хаттамасының 1-тармағының 4) тармақшасын орындау және орта білім беру ұйымдарын жоғары жылдамдықты интернетпен және сапалы жергілікті желімен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Орта білім беру ұйымдарында Интернет және жергілікті желі жылдамдығын қамтамасыз ету бойынша ұсынылатын ең төменгі талаптар (бұдан әрі – Ұсынылатын ең төменгі талаптар) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті орта білім беру ұйымдарында интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығын арттыру үшін техникалық мүмкіндіктің болуы туралы ақпаратты ай сайын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне ұсынсын.

3. Орта білім беру ұйымдарына интернет желісіне және жергілікті желіге қол жеткізу жылдамдығын Ұсынылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келтіру үшін шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру департаменті осы бірлескен бұйрықты облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының әкімдіктерінің назарына жеткізсін және Ең төменгі талаптардың орындалу мониторингін қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі жетекшілік ететін вице-министрлеріне жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық оған мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі


Б. Мусин

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі


Ф. Бейсембаев

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің

2023 жылғы «__» _____
№ _____

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрінің

2023 жылғы «4» сәуір
№ 85

бірлескен бұйрығына қосымша

Орта білім беру ұйымдарында Интернет және жергілікті желі жылдамдығына ұсынылатын ең төменгі талаптар

1. Интернет желісіне және жергілікті желіге қол жеткізу жылдамдығына қойылатын ең төменгі талаптар (бұдан әрі – Ұсынылатын ең төменгі талаптар) оқу процесінде ақпараттандыру объектілерін ыңғайлы пайдалану үшін интернет желісіне және орта білім беру ұйымдарының жергілікті желісіне жоғары жылдамдықты және сапалы қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

2. Ұсынылатын ең төменгі талаптар меншік нысанына қарамастан барлық орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) үшін, оның ішінде техникалық мүмкіндіктің болуын ескере отырып, «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы Ұлттық пилоттық жоба шеңберінде салынып жатқан ұйымдарын қоса алғанда ұсынылады.

3. Білім беру ұйымдары үшін интернет желісіне қол жеткізу қызметіне ұсынылатын келесі Ең төменгі талаптар айқындалды:

3.1 білім беру ұйымында ауысымдағы контингент саны 400-ге дейін оқушылар болған кезде интернет желісіне қол жеткізудің ең аз жылдамдығы кемінде 20 Мбит/с;

3.2 контингент саны 400 оқушыдан көп болған кезде интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығы бір ауысымдағы контингент санын ескере отырып, әрбір 20 оқушыға 1 Мбит/с артады.

3.3 қажет болған жағдайда педагогикалық кеңестің шешімімен білім беру ұйымының 3.1 және 3.2-тармақтарда көрсетілген интернет желісіне қол жеткізудің ең төменгі жылдамдығын қосымша 20 Мбит/с дейін ұлғайту мүмкіндігі бар.

4. Білім беру ұйымдарына шарттық қатынастарда деректерді ұсыну көлемі бойынша лимитсіз жоспар алуды қамтамасыз ету ұсынылады.

5. Wi-Fi желісі бойынша сымсыз нүктесіне бір мезгілде қосылудың ұсынылатын ең аз саны кемінде 200 құрылғы.

6. Барлық сыныптарға, зертханаларға және білім беру ұйымының әкімшілік блогына кіру нүктелерін Wi-Fi желісімен қамту ұсынылады.

7. Білім беру ұйымдарына келесіні қамтамасыз ету ұсынылады:

7.1 Интернет-провайдердің операцияларын басқару орталықтарымен байланыс арқылы орнатылған барлық кіру нүктелері үшін өз қосылымына қызмет көрсету сапасының көрсеткіштері туралы нақты уақыт режимінде хабарлау мүмкіндігін;

7.2 Интернет-провайдерден желінің жұмысын оңтайлы жағдайларда қолдау үшін шарт бойынша қызметтердің қолданылу мерзімі ішінде белгіленген жабдықтар үшін техникалық қызмет көрсету жоспарын және технологияларды жаңарту тәсілдерін ұсынуын;

7.3 Қызмет көрсету сапасы тиімділігінің кепілдендірілген көрсеткіштері, олардың әдіснамасы және интернет-провайдермен шарт шеңберінде қызметтер көрсетудің нысаналы көрсеткіштері белгіленетін қызмет көрсету деңгейі туралы келісім жасасу.

8. Білім беру ұйымдарында ұсынылатын Ең төменгі талаптарды сақтау оқушыларға құжаттарды ашуға, онлайн-бағалаулардан өтуге, оқыту кезінде бейнелерді көруге, пікірлер мен сұрақтар қалдыруға, білім беру ұйымына бейнелерді ағынмен жіберудің бірнеше сеанстарын пайдалануға, цифрлық білім беру ресурстары мен электрондық оқулықтарды пайдалануға мүмкіндік береді.